

**ҚҰМАШ НҰРҒАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ КОЛЛЕДЖ
КОЛЛЕДЖ ИМЕНИ ҚУМАША НУРҒАЛИЕВА**

**СТУДЕНТТЕР МЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚҚА
ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-
ТӘЖІРИБЕЛІК ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ
30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ
ТЖКБ ЖҮЙЕСІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА
(ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫСУМЕН)
ЖӘНЕ ШҚО ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ
АРАСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ БАЯНДАМАЛАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ СТУДЕНТОВ И
ШКОЛЬНИКОВ В ФОРМИРОВАНИИ ИНТЕРЕСА К БУДУЩЕЙ
ПРОФЕССИИ**

**СБОРНИК ДОКЛАДОВ
ОБЛАСТНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
СРЕДИ СТУДЕНТОВ СИСТЕМЫ ТИПО
(С МЕЖДУНАРОДНЫМ УЧАСТИЕМ)
И УЧАЩИХСЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛ ВКО,
ПОСВЯЩЕННОЙ 30 ЛЕТИЮ
НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ӨСКЕМЕН, 2021
УСТЬ-КАМЕНОГОРСК, 2021**

Шығаруға жауаптылар:

Яроцкая Н.В. - Құмаш Нұрғалиев атындағы колледж директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары.

Бейсенова Г.О. - техникалық-сервистік бөлімнің меңгерушісі.

Дегурко О.С. - Құмаш Нұрғалиев атындағы колледждің ақпараттық-баспа бөлімінің бастығы.

Ответственные за выпуск:

Яроцкая Н.В. - Заместитель директора по учебно-методической работе колледжа имени Кумаша Нурғалиева.

Бейсенова Г.О. - Заведующая технико-сервисным отделением.

Дегурко О.С. - Начальник информационно-издательского отдела колледжа имени Кумаша Нурғалиева

Студенттер мен оқушылардың болашақ мамандыққа деген қызығушылығын қалыптастырудағы ғылыми-практикалық зерттеулері [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ТЖКБ жүйесінің студенттері арасында (халықаралық қатысумен) және ШҚО жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамаларының жинағы (Өскемен қ, 2021ж 1 сәуір.) / «Құмаш Нұрғалиев атындағы колледж» мекемесі — Кіру режимі: https://kkn.kz/nauchno_prakticheskie-issledovaniya-studentov-i-shkolnikov-v-formirovanii-interesa-k-buduschei-professiii/

Жинақта ШҚО ТЖКББ жүйесі студенттерінің «Болашақ мамандыққа қызығушылықты қалыптастыруда студенттер мен оқушылардың ғылыми-тәжірибелік зерттеулері» облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясында ұсынылған баяндамалары бар. Конференция аясында келесі секциялар жұмыс істеді: мемлекеттік тілде оқыту секциясы; орыс тілінде оқыту секциясы.

Дайындықтың барлық бағыттары бойынша білім алушылар үшін, сондай-ақ ғылыми-практикалық зерттеулердің болашақ мамандықты таңдауға және кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруге ықпалына қызығушылық танытқан барлық оқырмандарға арналған.

Научно-практические исследования студентов и школьников в формировании интереса к будущей профессии [Электронный ресурс]: сборник докладов областной научно-практической конференции среди студентов системы ТиПО (с международным участием) и учащихся общеобразовательных школ ВКО, посвященной 30 летию Независимости Республики Казахстан (г. Усть-Каменогорск, 21 апреля 2021г.)/ Учреждение «Колледж имени Кумаша Нурғалиева» — Режим доступа: https://kkn.kz/nauchno_prakticheskie-issledovaniya-studentov-i-shkolnikov-v-formirovanii-interesa-k-buduschei-professiii/

В сборнике содержатся доклады студентов системы ТиПО ВКО, представленные на областной научно-практической конференции «Научно-практические исследования студентов и школьников в формировании интереса к будущей профессии». В рамках конференции работали следующие секции: секция с государственным языком обучения; секция с русским языком обучения.

Для обучающихся по всем направлениям подготовки, а также для всех читателей, интересующихся влиянием научно-практических исследований на выбор будущей профессии и овладение профессиональными компетенциями.

Ғылыми электронды басылым
Научное электронное издание

Баяндамалар авторлық редакцияда жарияланады.

Жарияланған баяндамалардың авторлары оларда келтірілген мәліметтердің дұрыстығына жауап береді.

Доклады публикуются в авторской редакции.

Авторы опубликованных докладов несут ответственность за достоверность приведенных в них сведений.

© Құмаш Нұрғалиев атындағы колледж, 2021

© Колледж имени Кумаша Нурғалиева, 2021

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ОҚЫТУ СЕКЦИЯСЫ СЕКЦИЯ С ГОСУДАРСТВЕННЫМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

Алмас Н. («Семей» Колледж» мекемесі. Ғылыми жетекшісі: Жансултанова А. Б.). Органикалық химия технологиясы	6
Аханов Б. («Электротехника колледжі» КМҚК Семей қ., ғылыми жетекшісі: Жарылгасинова Ж. Г., Кадирбаева С. Б.). Батырлық пен ерліктің киесі	9
Баймуханбетова К. Т. («Жоғарғы гуманитарлы-заң және техникалық колледжі» мекемесі. Ғылыми жетекшісі: Оқасов М. С.). Математика үшін логикалық ойындар. Тоғызқұмалақтың алғашқы баспалдағы «Бестемше» ...	12
Бекбаева А. С. («Авиценна» жоғарғы медициналық колледжі. Ғылыми жетекшісі: Акишлов А. Г.). Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары	17
Габаева С. М. («Жоғарғы гуманитарлық-заң және техникалық колледжі» мекемесі. Ғылыми жетекшісі: Оқасов М. С.). Жаңаша топтап оқыту – Құмаш Нұрғалиев мектебі	20
Дәулетбек А.Д., Нәспбеков Ж. («Жоғарғы гуманитарлық-заң және техникалық колледжі» мекемесі. Ғылыми жетекшісі: Оқасов М.С.). Тақталы логикалық ойындар: «Нью футбол», «Алтай шатырасы» және «Пирамида»	23
Джаксигильдинова Э. М. («Авиценна» жоғарғы медициналық колледжі. Ғылыми жетекшісі: Баелов А. А.). Жастардың әлеуметтік желілерге интернет-тәуелділігі қазіргі заманғы проблема ретінде	27
Жакипбеков Д. Н. («Электротехника колледжі» КМҚК, Семей қ. Ғылыми жетекшісі: Манарбеков Д.М.). Энергия – энергия үшін	29
Жұмағалиева Ә. Н. («Бизнес және Сервис колледжі» КМҚК. Ғылыми жетекшісі: Терликбаева А. Н.). Тәтті өмір сүруге тыйым салынбайды	32
Қабылқожаева Қ. Ж. («Авиценна» жоғарғы медициналық колледжі. Ғылыми жетекшісі: Акимбаев А. К.). Шығыс Қазақстан облысындағы туризм саласының мәселелері	35
Кожамуратов Е. Р. («Электротехника колледжі» КМҚК, Семей қ., Ғылыми жетекшісі: Чагиева А. Ә., Жакипова А.К.). Жел энергиясын пайдалану	38
Құсманова Б. Н. («Электротехника колледжі» КМҚК, Семей қ. Ғылыми жетекшісі: Тлеумбетова Г. К.). Менің мамандығым – менің мақтанышым	41
Нұрбеков Ж.Н. («Электротехника колледжі» КМҚК. Семей қ. Ғылыми жетекшісі: Шынарбек Ш. Ә.). Шығыс Қазақстан аумағындағы электр жүйелеріне цифрлық трансформациялауды енгізу	43

Ожаева М. С. («Электротехника колледжі» КМҚК, Семей қ. Ғылыми жетекшісі: Жакипова А.К.Шаяхметова Ж. Б). Биогаз энергиясын пайдалану	45
Соғурбаева А.Т. (ШҚО ББ «Глубокоое техникалық колледжі» КММ. Ғылыми жетекшісі: Айдархан К.). Жасыл құрылыс технологиялары	49
Слямбеков Қ. М. («Құрылыс колледж» КМҚК. Ғылыми жетекшісі: Дина Б.). Сәулетші мәртебелі мамандық.....	54
Сұлтанова Ә. А. («Электротехника колледжі» КМҚК, Семей қ. Ғылыми жетекшісі: Тлеумбетова Г. К.). Болашақ мамандыққа қызығушылықты қалыптастыру.....	57
Хайролла Д. Ж. («Электротехника колледжі» КМҚК, Семей қ. Ғылыми жетекшісі: Төлеубаева Д.Т.). Семей жанар-жағармай құю станцияларындағы бензин сапалары	59

ОРЫС ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ СЕКЦИЯСЫ СЕКЦИЯ С РУССКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

Абдразакова Д. Р. (Колледж имени Кумаша Нурғалиева. Научный руководитель: Слободская И. В.). Формирование познавательного интереса к программированию	63
Аманғалиева А.Даулетханова Н. (Учреждение «Колледж «Семей». Научный руководитель: Ратушнова Н. А.). Художники города Семей.	65
Ахмадиева Ж., Оғизбаева Я. (Учреждение Колледж «Семей». Научный руководитель: Ратушнова Н. А.). Дом, в котором живут шедевры.....	68
Бергенева Д.Д. (Высший гуманитарно-юридический итехнический колледж. Научный руководитель: Вавилов Д. С.). Как я выбирала будущее.....	72
Денисов Д. Б. (КГП на ПХВ «Усть-Каменогорский высший медицинский колледж». Научный руководитель: Папышева Г.К.). Основы ЭКГ. Разбор ЭКГ, при ишемии и инфаркте миокарда	73
Жолдасбекова А. М. (Высший медицинский колледж «Авиценна». Научный руководитель: Секей С.). В какой степени популярность фастфуда влияет на здоровье человека в Казахстане?.....	74
Звонцов В.А. (КГУ «Глубоковский технический колледж» УО ВКО. Научный руководитель: Задумина Н. В.). Умное освещение	78
Каранова А. С. (Колледж имени Кумаша Нурғалиева. Научный руководитель: Медведева Е. А.). Анализ деятельности предприятий питания национальной казахской кухни	81
Ларионов Д.К. (КГУ «Глубоковский технический колледж» УО ВКО. Научный руководитель: Волобуев Н. С.). Микрогидроэлектростанция.....	84
Мельник Д. П. (ЧУ «Электронный колледж имени Жакии Чайжунусова» ВКО г. Семей. Научный руководитель: Ертаева Р. Б.). Моя профессия – моё будущее	87

Никулина В.А. (КГП на ПХВ «Усть-Каменогорский высший медицинский колледж». Научный руководитель: Папышева Г. К.). Определение основных направлений диагностики и профилактики заболеваний почек.	91
Перик Н. В., Салимова А. М. (КГП на ПХВ «Государственный высший медицинский колледж имени Д.Калмаева г.Семей». Научный руководитель: Омиржанова К.О.). Хроническая обструктивная болезнь лёгких	94
Подколотная А. В. (КГП на ПХВ «Усть-Каменогорский высший медицинский колледж». Научный руководитель: Папышева Г. К.). Распространенность факторов риска ССЗ и их профилактики у населения города Усть-Каменогорск 2021г.....	97
Рвиборода А. А. (КГУ «Глубоковский технический колледж» УО ВКО. Научный руководитель: Платошечкин И. С). Экологические проблемы тепловых электростанций.....	100
Рослякова М. Е. (КГУ «Глубоковский технический колледж» УО ВКО. Научный руководитель: Весельская Н.Н.). Исследование способов облицовки для ремонта фасада здания Глубоковского технического колледжа.....	103
Сакенова К.Ж. (Высший гуманитарно-юридический и технический колледж. Научный руководитель: Вавилов Д.С.). Формировании интереса к будущей профессии.....	107
Сальников С.С. (КГКП «Электротехнический колледж» г. Семей. Научный руководитель: Саметова Г.Т., Шаяхметова Ж. Б.). Функциональность и безопасность АСУ ТЭЦ г.Семей	109
Шуклин Н. В. (КГКП «Колледж радиотехники и связи» г.Семей. Научный руководитель: Жетыбаева А. Ж.). Робот – помощник.....	111

ОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мен Алмас Нұрсерік «Семей» колледжіне 2019 жылы «Химиялық технология және өндіріс» мамандығы бойынша оқуға түстім. Химия саласы еліміздегі қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Химия саласына менде өзімнің үлесімді қосқым келгендіктен осы саланы таңдадым.

Химия өнеркәсібі — халық шаруашылығында жалпы ғылыми-техникалық тұрғыдан дамыған, өскелең ауыр өнеркәсіп салаларының бірі. Республикада химия өнеркәсібінің дамуы үшін бай шикізат базасы бар: фосфорит, күкірт колчеданы, барит, бром, ас және калий тұздары, натрий сульфаты, мұнай өңдеу өнімдері мен коксохимия қалдықтары, түсті металлургия кәсіпорындарының күкіртті газы. Сонымен қатар Қаратаудағы жабайы дәрмене жусан, Шығыс Қазақстандағы уытты мия өсімдіктерінің химиялық маңызы зор. Қазақстанның химия өнеркәсібі ең жас және тез дамып келе жатқан экономика саласы. Қазіргі уақытта республикада тау-химия өнеркәсіптері мен химиялық шикізат қазбаларын өндірумен, минералдық тыңайтқыштар, бейорганикалық фосфор және күкірт қышқылдарын өндіруге байланысты негізгі химия дамыған. Органикалық синтездеу химиясының салалары әлсіздеу дамыған, оларың қатарына синтетикалық каучук, синтетикалық талшық, полиэтилен және пластмасса өндірістері жатады.

Технология гректің «технос» -өнер шебер немесе шебер кәсіп, «логос»-ғылым деген сөзінен шыққан. Технология деген сөз бірінші рет 1772ж. Қолданылған. Қазіргі заманда өндірістің жоғарғы даму деңгейі технология сөзіне жаңа мазмұн ұсынады.

Технология — табиғи шикізатты халыққа қажетті бұйымға және өндіріс құралдарына өңдейтін процестер мен экономиялық тәсілдерді зерттейтін ғылым.

Технология — табиғи шикізаттан ең тиімді әдістермен өнеркәсіп өнімдерін өндіру туралы ғылым. Өңдеу тәсілдері-шикізаттың мақсатты өнім алуға дейінгі өтетін операциялар жиынтығы. Технологияда өңдеу тәсілдерін берілген өнімнің өндіріс тәсілдері деп атайды. Өндіріс тәсілдері арнаулы машиналар мен аппараттарда өтетін тізбектелген операциялар жиынтығы. Бұл операциялар жиынтығы химиялық-технологиялық системаны (ХТС) құрайды. ХТС-ны бейнелеу технологиялық сызбанұсқа (ТС) деп атайды. Технологиялық сызбанұсқа

Технология механикалық технология және химиялық технология болып екіге бөлінеді.

Механикалық технология-заттардың физикалық қасиеті мен сыртқы құрылыстары ғана өзгеретін процестерді зерттейді. Мысалы, ағаштан жиһаз немесе металдардан машина детальдарын жасау.

Химиялық технология-заттардың химиялық құрамы мен қасиетінің терең өзгеріске ұшырауын қарастырады. Мысалы, табиғи газ, мұнай, көмірді өңдеу нәтижесінде, бұларға құрылысы, қасиеті мен құрамы жағынан ұқсамайтын тыңайтқыш, пластмасса, химиялық талшық ж.б. өнімдер алынады.

Бұлай бөлу шартты болып табылады. Механикалық технология мен химиялық технологияның арасында қатып қалған шекара жоқ. Кейбір жағдайда заттардың сыртқы пішінін өзгерткенде химиялық реакция жүреді. Мысалы, құю өндірісі механикалық технологияға жатады, бірақ металдарды құю кезінде химиялық реакция жүреді.

Химиялық технология-бейорганикалық заттардың технологиясы және органикалық заттардың технологиясы болып екіге бөлінеді. *Органикалық заттар өндірісіне:*

1. Негізгі (ауыр) органикалық синтез (спирттер, қышқылдар, эфирлер, CH_4 , CO , H_2 , C_2H_4 т.б.).

2. Жартылай өнім және бояу өндірістері.

3. Нәзік органикалық синтез (фармацевтік препараттар, кинофотореактивтер т.б.).


4. Үлкен молекулалық заттар өндірістері (пластмасса, жасанды және синтетикалық талшықтар, каучук, т.б.).

5. Жанатын заттарды өңдеу (мұнай, көмір, ағаш, сланц, шымтезек, т.б.).

6. Азық-түлік өндірістері (қант, май, көмірсулар, т.б.) жатады.

Технологиялық көзқарасқа қарағанда бұлай бөлу де шартты, өйткені кейбір бейорганикалық және органикалық заттарды алу процестері бір-біріне өте ұқсас. Мысалы, бейорганикалық өнім аммиакты алу реакциясы және органикалық өнім метил спиртін алу реакциясы өте ұқсас.

Екі реакцияда:



жылу бөлумен және көлемнің азаюымен жүреді. Синтездеу жағдайлары да ұқсас аммиакты

500 °С температурада, 30МПа қысымда алса; метанол синтезін -250°С температурада 25МПа қысымда жүргізеді. Осы келтірілген мәліметтерден мынаны көруге болады: химиялық технология негізгі химиялық өндірістерді ғана емес, сонымен қатар көптеген маңызды техника саласындағы процестерді зерттеп және заңдылықтары анықтайды. Қазіргі кезде химиялық технологияның әдістері мен құралдарын қолданбайтын өндіріс жоқ. Химиялық технологияның әдістерін қолданбаса, қазіргі замандағы атом-ядролық техникалық, радиотехника, электроника, космонавтика, т.б. салаларда мұндай ірі жетістіктерге қол жеткізбеген болар еді.

Негізгі және күрделі органикалық синтездің дамуы

Органикалық синтездеу өнеркәсіптерінде қолданатын шикізат химиялық өнеркәсіптерінде маңызды мақсаттарды орындауды: шикізат материалдарын кешенді түрде пайдалануды, қиыстыру өндірістерінде тағамдық азық-түлік шикізаттарын азық-түлік емес шикізаттармен ауыстыруды және өсімдік шикізаттарын минералдық заттармен ауыстыруды қамтамасыз етеді.

Негізгі шикізаттың түрлері: табиғи және жолай көмірсутек газдары, газ және сұйық қалпында мұнай өндірудегі өнімдер, сондай-ақ синтез газ ($\text{CO} + \text{H}_2$), кокс газы және ағаш, тас көмірді, шымтезекті термиялық өндіруде бөлінетін өнеркәсіп шайырлары.

Химиялық өндеуде түсетін шикізаттар алдын ала таза заттарды алуға өңделінеді және концентренеді. Ылғалдылықтан, механикалық қоспа түріндегі бөлшектерден, күкірт қосындыларынан тазарту үшін құрғатқыш материалдардан, сүзгіштерден, сіңіргіш массалардан өткізеді. Сұйықтарды жекелеудің негізгі әдістері: айдау және ректификациялау. Органикалық синтездеу процестерінде бір ғана реакция жүрмей бірнеше параллельді және тізбекті реакциялар жүретін болғандықтан негізгі өнімнен басқа қосымша заттар алынады немесе өндіріс қалдықтары бөлінеді.

Қазіргі кезде 2,5-3 млн-дай органикалық заттар белгілі. Органикалық қосылыстар үнемі синтезделуде, сондықтан бұл сан үздіксіз артуда. Осыдан органикалық синтездеу процесін химиялық-технологиялық тұрғыдан классификациялау қиындығы көрінеді. Органикалық синтез процесін әртүрлі белгіге қарап классификациялауға болады, көбіне қолданылатын шикізатқа байланысты классификациялайды.

Негізгі органикалық синтездің шикізаты ретінде: 1) парафиндер; 2) олефин-дер; 3) диолефиндер; 4) ацетиленді және 5) ароматтық көмірсутектер, сонымен қатар көміртек оксиді мен сутегі (синтез газ) қолданылады. Көмірсутектердің көміртек оксиді мен сутегінің көзі мұнай, көмір және табиғи газдар болып табылады.

Органикалық синтез химияның 1) гидрлеу және дегидрлеу, 2) гидратациялау және дегидратациялау, 3) хлорлау гидрохлорлау және дегидрохлорлау, 4) тотықтыру, 5) сульфидтеу, 6) нитрлеу, 7) конденсациялау, 8) полимеризациялау және т.б. реакцияларына негізделген.

Органикалық синтез өнімдері 1) алғашқы шикізат, 2) жартылай өнім, 3) мақсаты өнім деп ажыратылады.

Алғашқы шикізат пен дайын өнімнің байланысын сызбанұсқа түрінде былай деп көрсетуге болады.

Алғашқы шикізат → 1-Жартылай өнім → 2-жартылай өнім дайын дайын өнім.

Мысалы, мұнай – химия және коксобензолдық өнеркәсіптің өнімі: бензол, май, шайыр, каучук, күкірт және т.б. қосылыстардың өте жақсы еріткіші болып табылады. Сонымен қатар бензол-нитробензол, анилин, хлорбензол, фенол, этилбензол, стирол, малейн ангидридін,

моносультфокышкылды және т.б. химиялық өнімдерді өндірудің алғашқы шикізаты және бояу, синтетикалық каучук, лак, фармацевтік және дезинфекциялық препараттар, қопарылғыш заттар және т.б. дайындауға қолданатын жартылай өнім болып саналады.

Органикалық синтез процестері көбіне, кинетикалық аймақта жүретін болғандықтан, олардың жалпы жылдамдығы химиялық реакцияның жылдамдығымен анықталады және мына теңдеумен есептеледі:

$$\Delta = \frac{dC}{dr} = K \cdot C$$

Мұндағы, C - процестің қозғаушы күші, реакциялаушы заттардың концентрацияларының көбейтіндісіне тең. K - жылдамдық тұрақтысы, Аррениус теңдеуіне бағынады. Органикалық синтез процесінде бір ғана реакция емес бірнеше параллельді және тізбекті реакциялар жүреді. Соның нәтижесінде мақсатты өнімнен басқа қосымша заттар және өндіріс қалдықтары бөлінеді. Реакция санына сәйкес процестің жылдамдық константасы бірнеше реакциялардың тұрақтыларының күрделі функциясына айналады:

$$K = f(K_1, K_2, K_3, K_n).$$

Сонымен бірге бұл функциялы байланыс температура, қысым, реакциялаушы заттардың концентрациясы және басқа да параметрлерге тәуелді үлкен өзгерістерге ұшырайды. Органикалық синтезде тек қана негізгі реакцияны жылдамдататын таңдамалы катализаторлар қолданылады.

Қазіргі таңда біздің елімізде химия және химия-технологиялық білімдер мен ғылымдарға деген қызығушылық белең алуда. Оның себебі түсінікті де – елімізде химиялық шикізат көздері, атап айтқанда, мұнай, газ, көмір, металдар, т.б. кен байлықтары мол. Өкінішке орай, сол байлықтың көпшілігі сан жылдар бойы шикізат ретінде ғана пайдаланылып (сыртқа шығарылып) келді. Соңғы жылдары бұл тарапта көптеген оңды өзгерістер, игі шаралар іске асырылып жатыр. Жер байлықтарын шикізат емес, дайын өнім түрінде іске асыру мақсатында көптеген химиялық өнеркәсіп орындары салынып, біразы іске қосылуда. Мұның бәрін жүзеге асыру үшін озық технология мен жоғары деңгейде дамыған ғылым, соның бәрін алып жүретін білікті мамандар керек. Бұл тұрғыда органикалық химия ғылымының атқарар рөлі зор. Ертеңгі білікті маман – бүгінгі студенттер яғни біздер. Мен өз мамандығыммен мақтанамын!

Б. Аханов

«Электротехника колледжі» КМҚК Семей қ.

Ғылыми жетекшісі: Ж.Г. Жарылгасинова, С.Б. Кадирбаева

БАТЫРЛЫҚ ПЕН ЕРЛІКТІҢ КИЕСІ

Ұлы Жеңіс! Жеңіс бізге өздігінен келген жоқ. Ол бізге "елім" деп соққан ерлердің, майданға қару асынып кеткен азаматтарымыздың

батылдығының арқасында келді. 1941 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының халқының басына қиын күн туған еді. Ешқандай ескертусіз тұтқиылдан фашистік Германия шабуыл жасаған алғашқы күннен бастап-ақ еліміз жұдырықтай жұмылып, сүбелі жетістіктерге қол жеткізді. Отанымызды қорғау үшін ер-азаматтар әскерге шақыртылды. Әскерге шақыртылғандардың ішінде жерлесіміз, Сулейменов Қақабай деген замат та бар еді. Қақабай ақсақал ұрпағының ғұмыры үшін сұрапыл соғыста жас шағын оқ пен оттың ортасында қару асынған жандардың бірі болды.

Сүлейменов Қақабай ақсақал 1917 жылдың 13 қарашасында қазіргі Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей облысы) Абай ауданы Қарауыл ауылында дүниеге келген. 1937 жылы Семей қаласындағы қаржы-экономикалық техникумын (қазіргі СҚЭК), одан кейін Мұғалімдер институтын бітіріп, Үлкен -Нарым ауданына қарасты Жұлдыз ауылының мектебінде мұғалімдік қызмет атқарған. Сол елді- мекеннен 1939 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылды. Ол Забайкалье округінде әскери борышын өтеп, 1941 жылдың желтоқсанынан 1943 жылдың желтоқсанына дейін №100 -ші жеке атқыштар бригадасында штаб басшысының көмекшісі болған. 1942 жылы Коммунистік партияның қатарына өтеді, сол кездері лейтенант атағын алып, батальон штабы басшысы болып тағайындалды. Осы жерде аса бір мақтанышпен айтатын жағдай, Қақабай ақсақалдың қарамағында хатшы қызметін атқарған Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова болатын (қазіргі таңда Семей Медициналық Академиясы жанына ашылған Мәншүк Мәметованың мұражайында осы Сүлейменов Қақабай ақсақалға арналған экспозициялық тақта ашылған. Бұл жерде 412-ші штаб басшысы, Қызыл Ту атқыштар полкінің III дәрежелі Кутузовтың Новогоргиев орденінің иегері, №1-ші атқыштар дивизиясы штабы басшысының көмекшісі (бұл жерде ақсақал екі атақ алған "капитан" және "майор") Сүлейменов Қақабай ақсақалдың марапаттары, майданнан жазған хаттары, жеке заттары, фотосуреттері) қойылған.

Осы аралықта Қақабай ақсақалдың майдан даласындағы ерліктерінен айтып өтсем деймін. Ол кісінің батырлығы жайлы : "Звездный час с Маншук" және "Сотая Казахская" деген кітаптарында жазылған (майдандастары жазған кітап). Сол кітаптардан ақсақалдың майдан даласындағы ерліктері жайлы деректер келтіре кетсем:

- Великие Луки деген жерде неміс басқыншыларымен шайқас кезінде 2-ші батальон командирі ауыр жараланып, батальонды штаб командирі капитан Сүлейменов Қақабай басқарған. Қақабай ақсақалдың тапқырлығының арқасында жауынгерлердің жігері күшейіп, жаудың жаяу әскеріне тойтарыс берілген делінген. Сол кездің өзінде Қақабай ақсақал "Қызық Жұлдыз" орденінің иегері екен(яғни, орденді соғысқа дейін иеленген).

Біршама уақыттан соң немістер қайта шабуылға шыққан. Бұл кезде біздің әскерлердің қару -жарақ қоры таусылған, капитан Қ. Сулейменов жауынгерлерді асқан шеберлікпен ұйымдастырып, жауға қарсы соғысудың басқаша позициясын жасаған. Және де дәл сол мезетте көмекке 1-ші

батальон жақындап қалған екен. Осы ұрыста Қақабай ақсақалдың өзінің жеке қаруымен және гранатасымен төрт немістің көзін жойған. Өзі ауыр жараланса да, майдан шебін тастамаған. Осы ерлігі үшін, "Қызыл Ту" орденімен марапатталған.

-Кеңес Одағының Батыры, пулеметші Мәншүк Мәметованың Қақабай ақсақалдың штабына келгені де осы кітапта жазылған.

Мәншүк Мәметова Штабтың тақтай есігін итере ашып,

-Кіруге бола ма? деп ішке кірген.

- Иә. кіріңіз деген дауысты естіп Мәншүк ішке кіргенде, төр жақта үстел үстінде үлкен қағазға сызба жасап отырған штаб капитаны - Қақабай ақсақалды көреді. Қолындағы қарындашы мен сызғышын және жаңағы қағазын жиыстырып болып, басын көтеріп қарағанда алдындағы бойжеткенді көріп таңырқап қалған делінген. Ал Мәншүк болса үстелге жақындап, құжаттары мен бұйрықты капитанға ұсынған. Ал штаб капитаны- Сүлейменов Қақабай ақсақал құжаттарды қарап тұрып,

- Сен жақсылап ойландың ба? деп сұрағаны, Мәншүкті ерітіп, батальон командиріне барғаны да жазылған.

(Осындай сәттерінің барлығы аталған кітаптардан көрініс тапқан). Сүлейменов Қақабай ақсақал Мәншүк Мәметовамен таныс болып, әрі Мәншүк Мәметова Қақабай ақсақалдың жазу жазатын хатшысы, майдандасы болғанының өзі тарихи сәт, әрі кездейсоқтық емес.

Жеңістен кейін 1945- 1946 жылдары Германияның Апольд қаласының әскери комендантының көмекшісі болған. Соғыс жағдайы уақытында 1-ші және 2-ші Беларусь майданының әскері құрамында болған, И.В. Сталиннің қолы қойылған 13 Алғыс хаттарымен марапатталған. "Қызыл Жұлдыз", "Ұлы Отан соғысының I дәрежелі", "Ұлы Отан соғысының II дәрежелі" ордендерімен және көптеген медальдерімен, соның ішінде Германия, Польша қалаларын неміс басқыншыларынан азат еткені үшін медальдерімен марапатталған.

1946 жылы білім саласының қызметкері ретінде әскер қатарынан демобилизацияланған. 1949 жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтына түсіп, оны 1953 жылы қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша үздік бітірген. Сүлейменов Қақабай ақсақал қызмет жасап жүрген шағындағы атағы отставкадағы майор болатын. Қазақ ССР-нің Халыққа білім беру ісінің Үздігі. 40 жылдан астам уақыт Жамбыл облысында мектеп мұғалімінен, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін атқарған. 1977 жылы зейнеткерлік демалысқа шықса да, оқытушылық қызметін жалғастырған. 1980 жылы Қақабай ақсақалөзінің туған жері - Семей қаласына көшіп келеді. Сүлейменов Қақабай ақсақал 1985 жылдың 28 ақпанында, Ұлы Жеңістің 40 жылдық мерекесіне бірнеше ғана айлар қалғанда, денсаулығы сыр беріп өмірден өткен.

Бүгінгі таңда ақсақалдың қызы да немересі де- Хазина Қақабайқызы мен Дария Манарбекқызы Сүлейменовалар аталық дәстүрді жалғап, Семей

қаласындағы Электротехника колледжінде жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, білім беру жолында қызмет жасауда.

Сүлейменов Қақабай ақсақал іспеттес азаматтардың батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі.

Ерлеріміздің табандылықтары пен ерен ерліктері, Отанға деген сүйіспеншіліктері қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Сотая Казахская» майдандастарының жазған кітабы
2. «Ардагер» республикалық газеті,
3. «Звездный час с Маншук» кітабы;
4. Сүлейменовтардың жеке отбасылық қорынан алынған материалдар;
5. Семей Медицина Академиясының мұражайы материалдары.

К.Т. Баймуханбетова

Жоғарғы гуманитарлы-заң және техникалық колледж

Ғылыми жетекші: М.С. Оқасов

МАТЕМАТИКА ҮШІН ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР. ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ «БЕСТЕМШЕ»





















Әлихан Байменов Халықаралық Тоғызқұмалақ федерациясының президенті

Тарихи деректерге сүйенсек, тоғызқұмалақ туралы ең көне жазбалар Шығыс Қазақстан облысынан табылғаны белгілі. Ал қасиетті Алтай тауларын мекен деген орыстардың Алтай Республикасы, қырғыз және қазақ ұлттары ежелден аралас –құралас тегі бір туысқандар. Алтай тауларының сілемінде мекендеген түркі тектес қандастарымыздан ұрпақтан –ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тақталы ойыны -тоғызқұмалақ. Тоғызқұмалақ - Алтай тауларынан кейін Тарбағатай-Сауырға, одан Сарыарқа мен Жетісуға-бүкіл Қазақ еліне таралған-мыс. Абай Құнанбаев өз заманында, бүкіл Шыңғыстау мен Қарқаралы жеріндегі тоғызқұмалақшылар арасында сайыстар ұйымдастырып, бірге ойнағаны белгілі.

Алтай тауларынан бастап, Тарбағатай-Сауырға қарасты елді мекендер мен бүкіл Қазақ елі, әсіресе Семей қаласының оқушылары тоғызқұмалақ – бестемше десе, жанып тұрады

Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Тақтасы екі қазан мен он сегіз отаудағы 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыда бір қазан және тоғыз отауда тоғыз сексен бір құмалақ тиесілі.

Тақтаның жалпы құрылымы екі қазаны атауларымен толық жазылған.

9	8	7	6	5	4	3	2	1
								
Бастаушы қазаны								
Қостаушы қазаны								
								
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Отау аттары бәйгеде ат шабысы немесе жая жарыстағы бәсеке, сондықтан да қойылған атаулар тұздықтардың ойындағы қызметіне байланысты болды.

№1 отау. Арт- соңғысы, тұздық №1 болғанда бірден құмалақ жинала береді.

№2 отау. Тек тұрмас, тұздық №2 болғанда құмалақ екінші жүріспен түседі.

№3 отау. Ат өтпес, ат қос аяқпен шауып, №3 тұздықтан екі құмалақ өтпейді.

№4 отау. Атсыратар, №4 тұздықтағы ойыншы өрісі тарылып, жүрістер бітеді.

№5 отау. Бел-тақта ортасы №5 тұздығы белден шойырылғандай болады.

№6 отау. Белбасар, бастапқы жүріс - бел басып, ең жақсы тұздыққа жол. №7 отау. Қандықақпан, №7 бастаушылардың үздіксіз жеңісі-дау мен төбелес

№8 отау. Мойын, №8 тұздық мойындағы жүгі бар- жүгірген спортшы

№9 отау. Маңдай, №9 тұздық болмайды-қақ маңдайдан ұрмайды – деген қағида, атадан қалған мұра сөз.

Жүріс жасау ерекшеліктері

Жүрістер ойыншылар тарапынан кезкесіп жүргізіледі. Алғашқы кезек кімнің жүріс жасайтыны жеребемен немесе қарсыластар келісімімен анықталады. Жүріс жасау үшін өз жағыңыздағы отаулардың бірінен біреуін орнына қалдырып, қалған құмалақтарды қолға алып, солдан оңға қарай бір-бірден таратамыз. Егер соңғы құмалақ қарсыластың тақ санды құмалағы бар отауына түсіп, ондағы құмалақтардан жұп сандар құралса (2, 4, 6, 8, 10, 12 ...), сол отаудағы құмалақтар ұтып алынып, өз қазанына салынады.

Егер соңғы құмалақ қарсыластың жұп санды құмалағы бар отауына түсіп, ондағы құмалақтардан тақ құралса (3 құмалақтан басқа) немесе өз отауын түссе, құмалақтар ұтыс деп алынбайды.

Отаудағы жалғыз құмалақты жүру үшін, көрші отауға ауыстырады және орныны бос қалады. Жүрістер жасалған кезде отауларға құмалақтар салмай немесе бастапқы орнында 2-3 құмалақтар қалтыруға болмайды.

Тұздық және тұздықтарды алу ережесі

Тоғызқұмалақта да басқа тақталы ойындар сияқты ерекше артықшылық–басымдылығы болады. Ол қарсылас отауларының біреуіне иелік ету-тұздық алу деп аталады. Тоғызқұмалақта тұздық алу әрбір ойыншыға, бір мәрте ғана беріледі. Егер соңғы құмалақ қарсыластың жұп санды екі құмалағы бар отауына түсіп, ондағы 3 құмалақтар бар отау-тұздық деп аталады. Бірақ, тұздықтар №9 отадан мүлдем алынбайды. Сол ситяқты, атас отауларда тұздықтар болмауы керек. Мысалы, алғашқы қарсыластар тұздығы №6 болса, екінші ойыншы № 6 тұздық аша алмайды. Тұздық алынған отауға белгі қойылады, тақтанының арнайы жапқышы немесе басқа да құмалақтардан бөлек белгі қою қажетті. Тұздықтар: шет № 1, № 2 мен № 8 және орта № 3-№ 7 болып екі топқа бөлінеді. Сапа жағынан неғұрлым орта тұздықтар басымдылықта, ал шет тұздықтар ойын соңында қажетті құмалақтар жинап алуға зор мүмкіндіктері бар.

Атсырау және жеңіске жету

Қарсыластардың тартысты шиеленіскен ойындары, әрине басқа тақталы ойындар сияқты соңғы шешуші сәтке келеді. Ойыншылардың біреуіндегі отауларда құмалақтар таусылған жағдайларда есептеулер жүргізіледі. Осындай ерекше жағдайда қалғанда –атсырау деп атайды. Қарсыласы қалған құмалақтарын өзінің қазанына салып, есептеуді тақтаны

180 градусқа айландырып санағандары дұрыс. Сайыс қортындысында жеңіске жету үшін 82 құмалақ жинау жеткілікті. Ал алғашқы- бастапқы 81=81 құмалақтар болғанда, тең ойындар болып тіркеледі.



Сахипзада Биболов. Ілес Әшімов Қарқаралыда ардагерлер

Бестемше балалардың сүйікті ойыны











Тоғызқұмалақты үйрену мектебінен балалық шағында , жергілікті ақсақалдардан қой бағып, бестемше-қоздату- тоғызқұмалақты сатылап үйренген - Ілес Әшімов. Ол ОҚО Сарыағаш ауданының тумасы, өмір бойы туған жер-Қазқұрт өлкесінің, қазақ елінің кейінгі ұрпақтарын тоғызқұмалақ ойнауға тәрбиелеп келеді. Қазақ елінің маңдай алды спорт шебері.

5	4	3	2	1
 іші ұяшық	 Шүмек ұяшық	 Орта ұяшық	 Балаң ұяшық	 Бас ұяшық
Бастаушы қазаны				
Қостаушы қазаны				
 Бас ұяшық	 Балаң ұяшық	 Орта ұяшық	 Шүмек ұяшық	 Кіші ұяшық
1	2	3	4	5

Бестемше - жас шамалары 3-6 жастағы бөбектер мен балалар ойнауға болатын тоғызқұмалақтың алғашқы баспалдағы. Тек $5 \times 5 = 25$ тастан, барлығы екі ойыншыда 50 тас. Ал жеңіске жетуге 26 немесе одан көп жиналса болғаны. Екі жақта да 25 тастар болса, онда тең ойын. Жалпы ойындар тоғызқұмалақтың ережесімен өткізіледі. Тұздықтар сәйкесінше бестемшеде - № 5 ұяда, ал қоздатуда - № 7 отаудан тұздықтар алынбайды.

Бестемшенің ұяшық атаулары балалар үшін, яғни бес бармақ атауларына сәйкес аталады. Бас ұяшық-бас бармақ, Балаң ұяшық- балаң үйрек, орта ұяшық- ортан терек, шүмек ұяшық- шүлдір шүмек және кіші ұяшық-кішкене бөбек деп атауды ұйғардық.

Жасөспірімдерің қоздату ойыны

5	4	3	2	1
 Кіші ұяшық	 Шүмек ұяшық	 Орта ұяшық	 Балаң ұяшық	 Бас ұяшық
Бастаушы қазаны				
Қостаушы қазаны				
 Бас ұяшық	 Балаң ұяшық	 Орта ұяшық	 Шүмек ұяшық	 Кіші ұяшық
1	2	3	4	5

Қоздату да тоғызқұмалақ сияқты, тек $7 \times 7 = 49$ екеуінде 98 тас болады.

Қоздату - жас шамалары 8-14 аралығындағы жасөспірімдер ойнайтын тоғызқұмалаққа апаратын баспалдақ. Тек $7 \times 7 = 49$ тастан, барлығы екі ойыншыда 98 тас. Ал жеңіске жетуге 50 немесе одан көп жиналса болғаны. Екі жақта да 49 тастар болса, онда тең ойын. Бестемше мен қоздатудың сызбасын қағаз бетіне салып та, дойбы немесе басқа да тастармен де, түймелер мен де қатарлап қойып ойнай беруге болады. Қазақ жастарға отау тіккен. Қоздатудағы отау атауларымыз сәйкесінше: шығыс, кіріс, тұсау, бозбала, бекем-сақ, бағып—қағу және бас болып аталды.

Тоғызқұмалақтың алғашқы шығу тарихы, ұлттық тақталы ойындарымыздың бастау алған, табиғаты да ерекше жаратылған –Алтай таулары: Ело-Ондуғай ауданы орыстардың Алтай Республикасы мен ШҚО Марқакөлдің маңайы айтылады.

Семей қалаласының мектеп оқушылары бестемше мен қоздату десе жанып тұр. Егеменді еліміздің әрбір оқушысы бестемше үйреніп, $7 \times 7 = 49$ қоздатушымен жетілсе, онда тоғызқұмалақтан сапалы да саналы ойыншыларымыз – зияткер, ақылды да ойлы Қазақ елінің жаңаша азаматы болар еді.

Ата бабамыздың төл мұрасы



Бабамыз мәңгілік бізге-ұрпағына қалдырған,
Тоғызқұмалақ еліміздің Шығысынан таралған.
Ақыл мен ойдың патшасы деген байламмен,
Абай, Қаныш Сәтбаев, Бауыржан да ойнаған.
Замана-уи Жаһандық зияткерлер де біледі,
Сондықтан да, сіз шынайы сезіммен қараңыз!
Бестемше - деген баспалдағын меңгерсе балаңыз...
Тоғызқұмалақты құмартар, ойнар күнде алаңсыз.

Семей қаласы гуманитарлы экономикалық колледжінің математика мұғалімі: Мұрат Оқасов

Баяндамаға пайдаланған баспалар, әдебиеттер:

1. Абай ұнатқан ойындар. «Ертіс өңірі» 1 б. 22.06.2014 жыл
2. Тақталы ойындар тартысы. «Семей таңы» 3 бет\ №30. 05.04.2015ж.
3. Ә.Ақшораев «60 сағат» Тараз қаласы 2014 жыл
4. «Тоғызқұмалақ» за доской-преподаватели. «Вести» №103. 25.12.2012ж.
5. Тоғызқұмалақ ардагерлер. «Дидар» ШҚО 3б\ №98. 29.08.2015ж.
6. Интеллектуальные интересы. «Арна» 2б. 04.04.2013ж.
7. Тоғызқұмалақтан командалық жарыс. ҚР «Әділет» 3 б.\№57 15.12.2013ж.
8. Математика-тоғызқұмалақ. «Қазақ спорты» 4б \№50. 15.12.2015ж.
9. Тоғыз құмалақ ойнау ережесі. ҚР «Білімді ел» 24 б\ 09.02.2016ж.

А.С. Бекбаева

*«Авиценна» жоғары медициналық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Ақшалов А. Г.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНАСЫ – АДАМ ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ӨМІРІ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ

Тақырыптың өзектілігі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – демократиялық, адамзаттық даму жолына орныққан қоғамның және мемлекеттің негізгі, басты құжаты. Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 30 тамызында республикалық референдуда қабылданған Конституцияның 1 бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп айқындалған. Адам құндылықтары мен бостандықтарын асқақтату, оларды ең жоғарғы құндылық деп мойындау демократияны дамытудың үлгісі болып табылады. Сондықтан жеке адамның құқықтық мәртебесі демократияны институттарымен тікелей байланысты.

Зерттеудің мақсаты:

Бұл қағида негізінен VII-VIII ғасырларда ортағасырлық саяси құқықтық жүйеге, әсіресе Еуропада кең етек жайған инквизицияға қарсылық білдіруден туындады. Буржуазиялық қатынастар қалыптасып келе жатқан Еуропа елдерінде 1789 ж Француз буржуазиялық революциясы нәтижесінде қабылданған «Адам мен азамат құқықтары Декларациясы» тарихта тұңғыш рет заң алдындағы теңдігін және жеке бас бостандығын жарияланған болатын. Сонымен қатар өмір сүру құқығы, меншікке ие болу, жеке адамның құқықтарына қол сұрпау, дін, сөз бостандықтары, тең құқылық сияқты адамдардың құқықтарын табиғи деп жариялады, оларды қорғау, қамтамасыз

ету адмның шыққан әлеуметтік тегіне байланысты емес, адам болғандығынан камтамасыз етілуі тиіс делінді.

Біздің ата – қонысымыз мыңдаған жылдар бойына талай басқыншылықты басынан кешті. Қаншама көне қалалар, мәдени орталықтар қирады, кітаптар өртеліп, жазықсыз жандар құрбан болып, өлшеусіз қан төгілді. Бірақ қандай қырғын болса да алтын бесік ата-баба жері, атамекен дәл бүгінгідей ойрандалған емес. Жер ананың аялы алақаныңда аман қалған әрбір отбасынан рулы ел тарап, халық қашан да еңсесін көрсетіп, ел болып дамып кете беретін. Халқымыздың ата-қоныс қара орманға деген ұрпақтық сүйіспеншілігінің түп-тамыры да дәл осында жатыр. Сондықтан да ата-бабамыз осындай ұлан-ғайыр жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра еткен. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікірінде адам құқықтарының ызғымастығы, тиімді қорғалуы туралы идеялар ХХ ғасырдың басында тұңғыш рет «Қарқаралы петициясында» (1905 ж.) өзінің шешімін тапты.

Адам құқықтарының табиғи екені және олардың ең жоғарғы құндылық болуы қажеттілігі жөнінде 1911 жылы ірі реферматор, қоғам қайраткері, демократ Барлыбек Сыртанов (1866-1914 ж.ж.) өзінің «Қазақ елінің уставында» нақтылы, концептуалдық мағынада жариялады. Мұнда: «Қазақ елінде адам баласының бәрі тең құқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамдарды қорлауға жол жоқ. Адам тек закон, һәм құдай алдында жауап береді. Қазақ елінде адам балалары бостандықта, теңдікте һәм бақытты өмір сүруге құқығы бар» делінген. Адам құқығы табиғи құқықтан туындайды және ол барлық адам баласына туа біткен қасиеттерінде танылады. олар өмір сүру, бостандық, езгіге қарсы тұру, құқықтары деп танылады.

Өкінішке орай, осы бір тарихи жалғастық Қазақстанды да өз уысында ұстанған тоталитарлық мемлект кезінде үзіліп қалды. 70 жыл ішінде жүргізілген аяусыз зұлмат тек қазақ халқын сан жағынан ғана селдіретіп, өз отанында азшылыққа ұшыратып қойған жоқ, ол өмір сүрген табиғи ортаны да ойрандады, халық санасын уландырды, оның тарихында мыңдаған жылдар бойына мәңгілік болып саналып келген талай табиғи байлық ондаған жылдардың ішінде-ақ сарқылып келмесе кетті.

КСРО өзінің 70 жылдық тарихында ұлттардың, этникалық топтардың, аз халықтардың теңдігі мен құқы жөнінде жар салудан жалыққан емес, ал іс жүзінде халықаралық міндеттерді сақтау былай тұрсын, тіпті, конституциялық заң ережелері де орындалмады. Шынайы демократия болмағандықтан да заң әрқашан қағаз жүзінде қалып отырды. Тек егеменді Қазақстан Республикасы жағдайында ғана құқықтық мемлект құрудың шынайы мүмкіндігі туып отыр. Біздің жас мемлекетіміздің Конституциясында міне осы қадам тәуелсіз Қазақстанның демократиялық дамуының кепілі ретінде жүзеге асырылады.

Егемендігімізді алған 20 жылда өзіміздің Ата Заңымыз-Конституциямызды қабылдап, онда елімізді басқару жүйесін анықтап, құқықтық, зайырлы мемлекет болуға қол жеткіздік.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Еліміздің Негізгі заңы азаматтардың дәулетті де бақытты өмір сүруін, олардың тәуелсіз, экономикасы өркендеген мемлекет құру жолындағы әрбір қадамын реттейтін басты құжат болып қала берді», деп атап көрсетті.

Республиканың президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясы қысқы мерзім ішінде әзірленді. Ол халық талқылауынан өтіп, 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдум арқылы күшіне енеді.

Конституция Қазақстанның демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына қолайлы жағдай жасайды. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің барлық салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға жағдай жасап отыр.

Табиғи (ажырамас) құқықтар:

а) Өмір сүру құқығы. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш беру хақы бар (15 баптың 1,2-тармақтары).

ә) Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар Қазақстан Республикасында соттың санкциясыз ешкімді 72 сағаттан артыққамауға ұстауға жол берілмейді. Әрбір ұсталған, қылмыс жасаған деген айып тағылған адам адвокат алуға құқылы (16 баптың 1,2,3-тармақтары).

б) Адамның қадір-қасиетін қорғау құқығы. Мемлекетте ешбір азаматты азаптауға, оған қарсы қатыгездік, зорлық-зомбылық жасауға тыйым салынады. Мұндай әрекетке барғандар заң алдында қатаң жауапқа тартылады (17 баптың 1,2-тармақтары).

в) Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар (18 баптың 1-тармағы).

Саяси құқықтар мен бостандықтар

а) Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі (18 баптың 1-тармағы). Әркім заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқылы (20 баптың 2-тармағы).

ә) Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға құқығы бар (32 бап).

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Конституциясы, Астана, 2008
2. Адам.Қоғам.Құқық. / құрастырушылар Жүкешов. Қ., т.б./ Алматы: Мектеп,2009

3. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері. Алматы: Атамұра, 2003

4. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егеменді Қазақстан.-2011 жыл.- 29 қаңтар. 1-бет

5. Шәріпбаев О. Дамудың жаңа межесі// Семей таңы.-2011 жыл.-9 ақпан. 3-бет

С. Габаева

*Жоғарғы гуманитарлық-заң және техникалық колледжі
Ғылыми жетекшісі: М.С.Оқасов*

ЖАҢАША ТОПТАП ОҚИТУ - ҚҰМАШ НҰРҒАЛИЕВ МЕКТЕБІ



Құмаш
Нұрғалиев

«Ауылдағы мектеп оқушылары қала ұстаздарының шәкірттерінен ешбір жағдайда кем болмауы керек»

Жаңашыл-педагог Құмаш Нұрғалиев Шығыс Қазақстан облысының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындары мен жалпы орта білім беретін мектептерге КСРО халық мұғалімі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО халық ағарту ісінің үздігі, жаңашыл-педагог Құмаш Нұрғалиевтің педагогикалық мұраларына арналған «Заманауи білім беру жүйесі: өткен тәжірибе-болашаққа бағдар» атты облыстық педагогикалық оқуларында Құмаш Нұрғалиұлының өмір өткелін қысқаша баяндамаса болмас. 1957 -1988 оқу жылдары Құмаш Нұрғалиұлы мектеп директоры болды. Боран ауылында оқушылар санының артуы мен білім сапасының жоғарлауы-жаңа мектепті талап етті. Сол 1972 жылы салынған үш қабатты Боран орта мектебі Шығыс Қазақстан облысының көптеген ауылдық мектептерінің түсінде де көрмейтіндей жаңаша ғимарат еді. Жаңа мектепте жаңаша талаптар туындап, іске асырыла бастады. Мектеп оқушылары сапалы оқытудың әдістемесі Боран орта мектебінде 1976 жылдардан бастау алған, әрбір қатарда: үздік, жақсы және орташа болып

бөліп оқыту іс жүзінде болған еді. Шахмат пен дойбыны да оқушыларға үйірме ретінде оқыту және ән мен музыкалық тәрбиелеу де ерекше еді. Кабинеттік жүйеде оқу, техникалық орталықпен радио-видео жаңалықтары сабақтарда әрбір кабинеттен телефон арқылы хабарласып, жедел қосылып отырды. Кәсіптік білім беру де 1980 жылдары ерекше қолға алынған еді. Мектепте орта біліммен қоса хатшы –іс қағаздарын жүргізуші, электриктер, авто-жүргізуші және тракторшы-машинист мамандықтары қоса дайындады. 1984 жылы еңбек сабағын өндіріс орындарымен бірлесіп, орта және жоғарғы сыныптарда аптасына төрт сағат өндірістік және қоғамдық еңбек сабағы оқытылды. Мен сол жылдары осы Боран орта мектебінде еңбек сабақтарын қоғамдық және өндірістік еңбекпен ұйымдастырушысы болдым.

Қатарынан үш жыл-жаз айларында 9-10 сынып оқушыларымен үй құрылысы жұмыстарымен жазғы демалыста, саман кірпіш құйып үй салу жұмыстарын атқардық. Арнайы кабинеттер де ерекше сол кездегі заман талабына сай жабдықталушы еді. Боран орта мектебі Шығыс Қазақстан облысының ұстаздары үшін, әдістемелік оқу орталығы болды. Шығыс Қазақстан облысы ұстаздарын оқыту мен тәрбие семинарларын және Өскемен педагогикалық институтының студенттері, іс- тәжірибеліктен өту орталығы болды.



Құмаш Нұрғалиевтің кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындары мен жалпы орта білім беретін мектептерде ілімін жалғастырушы ретіндегі магниттік тақтада оқушылар білімін күнделікті бағалау үлігісі. Әрбір жеке оқушыға магниттік тақтада 200-300 квадрат шаршы есебінде қатардағы орындары бөлінген. Шаршының әрбір бұрышы сағат тілімен айнала «2»; «3»; «4» және «5» бағалармен белгіленген. Әрбір оқушының білім сапасымен шаршының белгілі бір бөліктеріне «2»-сарғыш; «3»- көк ; «4» -жасыл және «5»- қызыл түстерімен арнайы аттары жазылған диаметрі 3 см дөңгелек магниттер қойылған. Күнделікті бағалау үй жұмысын ескере, сараланып және оқушылармен бірге талқыланып қойылады. Оқушылардың оқу сапасының өзгеруіне байланысты, «2»-сарғыш жоғары «3» көкке немесе «4» жасыл келесі «5» қызыл түстерімен ауыстырылады.

Абай мұражайында тақталы ойындар көпсайысы

Абайдың 170 жылжығына арналған Республикалық шахмат пен дойбы жәннен тоғызқұмалақ ойындары Абайдың «Жидебай – Бөрлі»Семейдегі қорық мұражайында өткізілді. Алғашқы күнгі шахмат пен дойбыға отыз және тоғыз

құмалаққа отыз сегіз әр түрлі жастағы спортшылар қатысты. Қатысушылар Шығыс Қазақстан облысының аудандары Абай, Аягөз, Бесқарағай, Жарма, Ұлан, Тарбағатай және Астана, Өскемен мен Семей қалаларынан жиналды.



Суретте ортада Марклен Рахымжанов 25 жыл-зейнеткерлік жасқа дейін Боран орта мектебінде ұстаз болған, ал осы жарыста жүлдегер атанған еді. Қазақстан Республикасының аға жаттықтырушысы - Айнұр Жақапбаева тоғызқұмалаққа 1990 жылдары келгеннен, күре тамырға қан жүгіргендей болды. 2002 жылы кезекті ОҚО Кентау қаласындағы ҚР ардагерлер чемпионатында, алдағы 2003 жылдың Республикалық жарыстар күнтізбесіне қазақтың Мересьеві атанған-Құмаш Нұрғалиев атындағы Марқакөлде турнир өткізуге жол ашылды. Сол сияқты тақталы ойындар көпсайысы да, 2003 жылдың Республикалық ресми жарыстар ретінде қабылданып, киелі –Семей шаһарында бастау алды .



Ортада Айнұр Жақапбаева Қазақстан Республикасының аға жаттықтырушысы - бапкерлер тобымен шетелдіктерді үйретуге жол де ашты.

Ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақ, алпыс төрт шаршылы дойбы немесе «Шатраш» та осы Алтай Республикасы мен - Шығыс Қазақстан облысының ата-бабаларымыздан қанға сіңген төл, ұлттық тақталы зияткерлік ойынымызға жатады. Алтай тауларынан бастап, Тарбағатай-Сауырға қарасты елді мекендер мен бүкіл Семей өңірі дойбы мен шахмат тоғызқұмалақ десе, ішкен астарын жерге қояды.

Осындай аға буынан өкілдерінен тәлім алған Қазақ елінің жастары олардың қажырлы еңбек жолдарын өздеріне үлгі тұтуда.

Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, еш нәрсені ұмытпайтын... алғырда аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен әзгәләк көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек болу керек. (Әл-Фараби.)



Mister Zadkiel Elder from America. He is economics teacher. Nowadays foreign teachers working in NIS (Nazarbayev Intellectual Schools). In this picture he playing chess with me, and he passion for togyskumalak .

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шахмат, дойбы және тоғызқұмалақ. Талап Сұлтанбеков. Алматы 75ж.
2. «60 - сабақ» Әбділдә Ақшораев. Астана қаласы.2016 жыл
3. Ардагерлер шахматы «Ақжолтай» №14-15 қазан 2019 ж. 6 бетте
4. Құмаштың мектебі” мен “Өлімді жеңген өмір”. Құмаш Нұрғалиевтің педагогикалық қызметі туралы кітаптар


А.Д. Дәулетбек, Ж.Қ. Нәспбеков
Жоғарғы гуманитарлы-заң және техникалық колледжі
Ғылыми жетекшісі: М. С. Оқасов

ТАҚТАЛЫ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР: «НЬЮ ФУТБОЛ», «АЛТАЙ ШАТЫРАСЫ» ЖӘНЕ «ПИРАМИДА»




Математика пәнін оқытудағы мақсат-оқушыларды қазіргі өндіріс жағдайындағы тәжірибелік іс-әрекеттерге дайындау. Болашақта білімді азамат болатын, іскерлікке, дағдыға үйрету. Олардың білімі математиканың кез келген саласында тиісті дәрежеге өсіп, жетілуін қамтамасыз ету. Бүкіл математика, мектеп бағдарламасындағы алгебра мен геометрияны оқыту жүйесінде аса маңызды бір бөлігі логикалық даму өрісі. Ұстаздарымыздың міндетті-шәкірттерінің көзқарастарын жаңаша оқибілу мен еңбекке, отан сүйгіштікке қалыптастырып тәрбиелеу болып табылады.

Логикалық ойындар, олардың ішінде ұлттық тақталы ойындарымыз: тоғызқұмалақ пен хан дойбысы, көне ата бабаларымыз ойнаған «Шатыра», қазақ шахматы «Балахан» т.б. мен бильярдшыларының «Пирамида» ойындарының ережелерін, жалпы қауымға сабақтан кейін -үзілістерде пайдалануға ұсынамыз.



Активити ойындары-сабақтан кейін не үзілістерде пайдалану

Үштік пирамида ойыныны -тақталы зияткерлік ойындардың жаңа туындысы, ШҚО Семей қаласында бильярдшылар үзіліс кезінде ойнайтын ермектері, ал тақталы зияткерлік ойыншыларға кезекті шыңдалу сабағы болып жүр. Сайысқа кез келген тақта немесе столда қатар тастар қойып, екі қарсылас құрама топтары ойнауға болады. Ол үшін тастар, үш қатарда үш түсті болса тіпті жақсы.



Суретте 12,13 және 14 тас қойылған егер жалғастыра берсек пирамида типтес болады. Негізінен көп тастар болса да, үштен артық қатарлар тізіп ойнауға болады. Бірақ үш қатармен ойнаған қарапайым және де ыңғайлы болады. Өйткені біздің суреттегі үш қатармен қойылған (12 **сары** + 13 **қызыл** + 14 **көк** = 39) тас жинау әрбір уақытта бола бермейді. Ең ыңғайлысы дойбы тастарының саны жиырма төрт болғандықтан, $24=7+8+9$ үштігін құрып ойнау.

Жеребе арқылы кезек анықталғанан кейін, алма кезек тек бір ғана қатардан, бір немесе бірнеше мүмкіндігінше бар тастан алып отыру керек. Кімде кім соңғы кезекте алу кезегінде қалса, сол жеңіледі. Жеңіске жетудің негізгі қағидалары үштік пирамида үшін, негізгісі үшеуін есте сақтасақ та жеткілікті деп есептейміз.

1). Екі қатарда жұп тастар қалтыру. Өйткені екі қатарда да екі тастан қалса ұтылыс, қарсылас екі тас алса біреуін алып соңғысымен қалдырарсыз, ал біреуін алса екінші-ақ қатардағы екеуді аласыз –ұтыс



2). Әр қатарда бірден қалдыру. Айтпасада түсінікті –біреуін ғана алуға құқылы, екі қатарда бір-бірден тек екеу қалады. Келесі соңғы кезек пен тағы біреу алып, қарсыласты қапы қалдырарсыз.



3). Кіші пирамида- үш, екі және бір тастар жыйынын қалтыру. Егер де біріншіші-көк қатардағы үш тастан бір тас алса, үшінші-сары қатардағы бір тасты алып, екінші қағидамен ұтыс. Егер де екінші-қызыл қатардан бір

тас алса, үш тастан екеуін алып-екінші қағида ережесімен тағы да ұтыс болады.

"New Fottball" -тақталы ойынының ережесі

1. Ойын мақсаты. 1.1.Барлық тақталы ойындар сияқты , екі адам немесе жақтас топтар ойнайды.



1.2. Ойын мақсаты-неғұрлым көп доп соғып, ал өзіңе мейлінше аз жіберу.

1.3. Ойын белгілі бір уақытта немесе шектеулі доп соғуға байланысты уақытқа ойналады.

45 минуттан 2 тайм, жылдам ойын 20-30 және блиц: 5-10 минуттан.

